


Маржан ЕРШУ

БОПАЙ ХАНЫМ





*Бопай ханым.
Суретті салған ағылшын саяхатшы-суретшісі
Джон Кэстль, 1736 ж.*

Маржан ЕРШУ

БОПАЙ ХАНЫМ

Поэма

FOLIANT
БАСПАСЫ

Нұр-Сұлтан
2021

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5
Е76

Ершу, Маржан
Е76 **Бопай ханым : поэма \ Маржан Ершу (Айек). —**
Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2021. — 40 б.

ISBN 978-601-271-246-9

Поэма Кіші жүз ханы Әбілқайырдың сүйікті жұбайы, сонымен қатар кеңесшісі атанған, ақыл-парасатымен ел билеу ісіне араласып, мәмілегерлік, саясаткерлігімен аты мәшһүр болған Бопай ханым туралы. Әдебиеттегі Бопай ханымның көркем бейнесі оқырманды қызықтырады сөзсіз. Поэмада Бопай ханымның портреті ашылған. Жаңаша көзқараспен жазылған шығарманы әдебиетке қосылған сүбелі үлес деуге болады.


Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-271-246-9

© Ершу М., 2021
© «Фолиант» баспасы, 2021

«БОПАЙ ХАНЫМ» ПОЭМАСЫ ТУРАЛЫ ОЙ...



Әбіш Кекілбаев — Бопай ханым тақырыбына тұңғыш рет түрен салған жазушы. 1995 жылы Мемлекеттік хатшы болып қызмет атқарған тұста Әбіш ағамыз бас болып, Ресейдің Орынбор облысы Елек ауданының Димитровка селосына жақын орналасқан «Доңыз» әскери айлағы (полигон) аумағындағы ел аузында «Бопай сай» атанып кеткен Бопай ханым жерленген жерге барып дұға оқытып, ас берген.

Әбіш аға әдебиетте Бопай ханым тақырыбын алғаш рет көтеріп, «Үркер», «Елең-алаң» романдарына арқау қылды. Әбіш Кекілбаев ағамыздың маған бір айтқаны, Бопай ханым туралы таным көкжиегімді кеңейту еді. Осылайша «Бопай ханым» поэмасын жаздым.

Маржан Ершу

БОПАЙ ХАНЫМ

Поэма

Әбілқайыр ханның сүйікті жұбайы, заманында ел билеу ісіне араласып, қазақ даласында ең алғаш қыздар мектебін ашқан, данагөй ханым атанып, аты аңызға айналған Бопай ханымның туған жері Кең Жылыой. Жақында Ресейдің Орынбор облысынан Бопай ханымның бір уыс топырағы оның кіндік қаны тамған туған жері Жылыой ауданы Ақкиізтоғай мен Құлсары арасында орналасқан Бақашыға қойылды. Басына белгі орнатылды. Осы игілікті істің ұйытқысы болған «Ақмешіт – Бекет ата» мешітінің шырақшысы Ислам Мырзабекұлы. Ислам ағаның бастауымен Бопай ханымның өмірі



мен қызметін зерттеу мақсатында биыл арнайы топ құрылды.

Біздің Кең Жылыой жерінде «Орынбор, Тұзтөбенің тұзын көрсең, Жылыойдың таңғаларсың қызын көрсең. Атыңнан түскен қайтып міне алмайсың, Қалқаның судан қайтқан ізін көрсең» деген халық әні бар. Бұрын осы халық әнін естігенде Жылыой аты неге алыстағы Орынбор, Тұзтөбемен ұйқасып тұр, араларында қандай байланыс бар деп ойлайтынмын. Және де әннің үшінші, төртінші жолы да ойлантады. Мүмкін бұл ән Бопай ханымға арналған шығар? Солай болуы әбден мүмкін ғой. Бопай өз заманында алыс-жақынды түгел таңғалдырған адам. Ақыл-көркімен ғана емес, көрегендік, мәмілегерлік, ел басқару ісіне араласуымен. Әннің «Қалқаның судан қайтқан ізін көрсең» деген шумағы ауыспалы мағынада айтылған. Бұл жай судан қайтқан қыз аяғының ізі емес, Бопайдың салған ізі, атқарған қызметі, өнегелі өмірі. «Атыңнан түскен қайтып міне алмайсың» деген шумақтан таратар ойымыз: Әбілқайыр аттан құлап, ес-түссіз жатқан шағында Бопайдың ағасы Мырзатай тауып алып, Бопайға алып келеді. Бопайдың емшілік, сынық салатын қасиеті болған. Әбілқайырды емдеп жазады. Осы оқиғадан кейін Әбілқайыр мен Бопайды тағдыр тоғыстырады.



Ресейдің Орынбор облысы Елек ауданының Димитровка селосынан 30 шақырым қашықтықтағы Бопай (Бердяевка) өзенімен іргелес жатқан Бопай сайы жанындағы осы қырат-жазықтық Бопай ханымның мәңгілік тыныс тапқан орны екен. Өкінішке орай, бұл аймақ 1929 жылдан бері Ресей әскери айлағының құзырына кіреді. Кезінде Бопай ханымның қабірі басына орнатылған құлпытас пен кесененің бұл күнде жұрнағы да қалмаған.

БАСТАУ. БАҚАШЫ. БОПАЙ САЙ

Бір қыз бар Орынборда аты мәшһүр,
Тыңдасын құлақ түріп кәрі-жас бір.
Кең Жылыойдың көркем бір перзенті екен
Әбілқайырдың ханшасы Бопай-қасқыр.

Тыңдасаң дала-дастан шежіресін,
Сай-сүйегің сырқырап егілесің.
Бабалар рухынан қуат алып
Биік болып өзің де көрінесің.

Естілердің есті сөзі құлағымда,
Бопай аты жаңғырып тұрады да.
Қолының табы қалған, ізі қалған
Орынбор, Елек бойы, мына құмда.

Өткен күннің өшпейді жалын әні,
Болған соң мән-маңызды мағыналы.
Туған жердің жусаны жылда көктеп
Бопайдың салған әнін сағынады.

Қыз бақытты тартып туса атасына,
Көтерілді Кең Жылыойдың жотасы да.
Бопай ханымның бір уыс топырағы
Жерленді туған жері Бақашыға.

Келбеті көне аңыздай көркемделген,
Келелі оймен келешекке желкен керген.

Саясаткер, мәмілегер Бопай сөзі:
«Ел өсер, қанат жайып өркендеумен».

Халқына қанат болған самғарында,
Ақыл-оймен барлады жан-жағын да.
Қиын-қыстау кезеңде ел тағдырын
Бұрым қылып жалғады арманына.

Алла сүйген пенденің танымы көп,
Ойлайды ел: кісіліктің қалыбы деп.
Алыс-жақын құрметтеп қадір тұтқан
Әбілқайырдың ақылды ханымы деп.

Сол Бопай, аңыз Бопай, Бопай жайы,
Қараңғыда халқының болған айы.
Ыңылдап мұңды күйді шертетіндей
Орынбор, Електегі Бопай сайы.

Бұзды ма төңіректі тосын ырғақ,
Күрсінгендей тал-терек басын ырғап.
Бопай ханым кесенесін бұзып тынған
Мұжықтар «пеш қылам» деп тасын ұрлап.

Текті ұрпағы іздейді қара да тұр,
Сан тарихқа көз болған дала-батыр.
Кесенеңнен бір белгі қалмағаны-ай
Топырағың тегістеліп бара жатыр.

Заман желі сан түрмен құбылады,
Бопай едің шуақ шашқан шұғылалы.
Келер ұрпақ тарихтан сыр ақтарып
Сенің әзиз жаныңды ұғынады.

Құлақ қойып қанықсаң жайға мына,
Қол-аяғың тұрғандай байланып, ә?!
Бопай сайға бұл күнде бару қиын
Айналғасын әскерилер айлағына.

Жырлаймыз моншақ тізіп жанарларға,
Күштіміз қолға ұстар қалам барда.
Бопай ханым сүйегін ардақ тұтып
Туған елге әкелер шамаң бар ма?

Кең даланың қастерлеп қасиетін,
Бопай ханым тұлғаң ғой бас иетін.
Әлпештеп балдырғанның жас үмітін
Тасқа жаздық бабалардың өсиетін...





ҚОЛ МЕН ЖОЛ

Саралап сан тарихтың күйін ұқтым,
Күрмеуін шешкен талай қиындықтың.
Бұл Бопай емшілігімен аты шыққан
Қызы екен Адай батыр Сүйіндіктің.

Емдеп жазған аяғын ақсағанды,
Сипалап ұшықтайды қақсағанды.
Жанына қуат берген бір күдірет
Іздейді тарыққанда жақсы амалды.

Қиылған қас, бота көз, қаймақ ерін,
Бір өзіндей перизат қайда керім?!
Мейір мен жылылыққа бөлеп жүрді
Бопай қыз қасиетімен жүрген жерін.

Сырқат көрсе кетеді қан атойлап,
Алғандай жүрегіне шала байлап.
Түс кезі. Киіз үйге кіріп келді
Ағасы Мырзатай батыр:
«Қайдасың, а, Бопайлап!».

Күткендей ауыр салмақ бір сын алда,
Дегендей: Жәрдемің бер! Үміт жалға!
Мырзатайдың қолында сұлқ жатыр
Ат жақты, келісті жігіт,
Бұл кім өзі?
Адам білмес мұңы бар ма?

— Жан емеспін ертеңге бал ашыған,
Қан ағады қолтықтағы жарасынан.
Аттан оңбай құлаған байғұс сынды
Тауып алдым Жем өзеннің жағасынан, —

деп Мырзатай осылайша айтты сырды,
Жиналған көп Бопайға бетін бұрды.
Ес-түсінен айрылып жігіт жатыр
Бар денесі қалшылдап ару тұрды.

Ойланды жүрегiнiң демiн басып,
Кеткендей тұла бойдан сұсы қашып.
Жiгiттiң самайына қол тигiздi
Түсiнбей өзiн-өзi қатты сасып.

Сағат жылжып, таң атып, күн батады,
Күңіретіп қобыз үнін тыңдатады.
Жігіттің көзі жұмық, тынысы әлсіз,
Дем салған Бопай шомды мұңға тағы.

Өмір менен өлімнің арпалысы,
Дүние-ай, азабыңды артамысың?
Дерттінің дертіне дауа іздейді
Бопай қыз бар қуатын сарқа күшін.

21 күн, 21 түн ойлады ауру қамын,
Алақанынан төгілер іштен жалын.
Кенет жігіт талықсып үн қатады:
«Сипашы маңдайымнан тағы, жаным.

Кетпеші, аялашы тағы осылай,
Жанымның қиналысын табасың-ай.
Қолыңның жылуын-ай, жұмсағын-ай,
Бойыма қуат сыйлап барасың-ай».

Қыз үнсіз. Жанарынан жас төгілді,
Жастық-ай, қызулық-ай мас көңілді.
Жігітке жігер бітіп күннен-күнге
Емші қолдың қасиетінен мұң жеңілді.

Батыр жігіт жарқ етіп көзін ашты,
Жанарынан жарқыл от-жалын шашты.
Өткір көзі өңменінен барады өтіп
Тіке қарау қыз балаға жарамас-ты.

Қыз шегінді артына төмен қарап,
Қайта-қайта қадамын іштей санап.
Дүрс-дүрс еткен жүрегі жарылардай
Оттай жанып маңдайы, тіл мен тамақ.

22-күннің атқанда таңы жарық,
Тіл күрмелді...
Көз, Жүрек сүйіп қалып.
Киіз үйдің ішінде екеу тұрды
Сезімдерге арбалып күйіп-жанып...

Асылы ма, көп ішінен таңдағаны,
Бар ма әлде іштей бір ойлағаны?
Ұсынды қыз кестелі орамалын
«Орамал тон болмайды, жол болады...»



АТ ПЕН ЖАҚ

Сүттей аппақ таза ғой таңның әні,
Табиғатқа байлаулы жан құмары.
Әбілқайыр дертінен айыққанмен
Фашықтықтың дертіне шалдығады.

Құмарлық па көңілде көз ілмеген,
Фашықтық па, мұндай күйді сезінбеген.
Бопай қызға жіпсіз-ақ байланғандай
Жүрегі бір ғаламат сезімменен.

Аһ ұрып оңашада мұнаяды,
Қиялы озып тұрса да қиядағы.
Сүйгенін алып қашып кетер ме еді,
Қай Адай қызын берсін ұядағы?!

Өмірдің тұзы кермек, балы тәтті,
Бопайдың бар мінезі жанға жақты.
Жасырып тегін, даңқын, сұлтандығын
Бақташы боп Сүйіндіктің малын бақты.

Әбілқайырдың бұл іштей шешімі еді,
Не үміті орта жолда кесіледі.
Сую деген адамдық қасиет қой
Не сенімі биікке өсіреді?!

Күндер өтті дөңгелеп күліп қарап,
Асау сезім оны кім құрықтамақ?!
Әбілқайырдың көңілін ән тербейді
Айналасы өнерін қызықтамақ.

Өзі көркем, сөзі нық, күші мықты,
Бақташы емес, батыр деген аты шықты.
Бүкіл ауыл Әбілқайырды жыр ғып айтып
Беріп жатты кезектесіп ерулікті.

Жанына жамандықты бойлатпаған,
Әр сөзін күмістейін салмақтаған.
Бопайдың жүрегі аттай тулап кетті
Демей ме,
«Ел мақтаған жігітті,
Қыз жақтаған!».



Қыз көңілі өзіне құлағасын,
Қалайша дәрмен етпей тұра аласың?
Атастырған жері бар, байлаулы бас
Жолын тапсаң үдеден шыға аласың.

Әбілқайыр сан түрлі ойға кетті,
Қиял-арман, мақсаты шарлар көкті.
«Бопай қызды аламын, алмай кетпен»
Деген бір Сүйіндікке хабар жетті.

Сүйіндік таңданысын жасырмады:
«Бұл жігіт бақташы ғой қосындағы.

Өрлігін қара мына пәтшағардың
Қалың малың жетер ме басыңдағы?!

Жігітім, шарт қоямын нағыз ерше,
Оған сенің дәулетің, әлің келсе.
Алдыма ала аяқты 90 күрең,
Ақсұр 60 атты айдап келгін.
Қалың малы Бопайдың осы көнсен.

Саған айтар шартым жоқ бұдан басқа,
Ата сөзін айтпас ем тіл алмасқа.
Аттан құлап тағы да жүрмегейсің
Тіл-жағына сүйенген, өй, бір қасқа!»

Әбілқайыр намыстан күйіп-жанды,
Қолы қысқа, ұғынар қиын халді.
«Әкелем» деп күренді, ақсұрды да
Тілек тілеп Құдайына сиынған-ды.

Достық деген көпір ғой ұлы көште,
Жігіт сөзі, ер сөзі бір емес пе?!
«Ер мұңын ер түсінер» деген бар ғой
Жәнібек батыр қалқан боп түр емес пе?!

«Әбілқайыр! Дос деп сені таңдағанмын,
Қиналғанда демейтін жан болармын.
Қиналма, сүйгеніңе қосыларсың
Ала аяқты 90 күрең,
Ақсұр 60 атты
Үйірімнен таңдап алғын».

Ер Сүйіндік сөзінде тұра алады,
Әбілқайырдың өрлігін сынағаны.
Ат пен жақ аңыз болып кеткен екен
Аңыз-жыр боп тербеткендей бұл араны...



Әбілқайыр ханның қабылдауы. Джон Кэстль. 1736

БАҚ ПЕН ТАҚ

«Әбілқайыр жастайынан батылдығымен танылып, дарынды әскербасы және білгір саясаткер болды. 1726 жылы Ордабасындағы халық жиналысында Әбілқайыр қазақ жасақтарының бас қолбасшысы болып сайланды. Бұланты өзенінің жағасындағы (1728), Аңырақайдағы (1729 – 1730) жоңғарларды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілеті ерекше көрінді. Әбілқайырдың жүргізген саясаты қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы жолында маңызды рөл атқарды».

Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: Аруна, 2010 ж.

Алтын табақ күн көкте дөңгеледі,
Қос жүректі қуаныш тербегені.
Жөн-жоралғы, бата-ырым салтын жасап
Бопайдайын сұлуды ап елге келді.

Өмір-өзен сан түрлі ағысы бар,
Жақсылыққа жандар ғой жаны құмар.
Шаңырағына шаттық боп шуақ шашқан
Бопайдың құт болғаны бағы шығар.

Қолбасшы боп ту көтерген қалың көптің,
Кеудесінде ойнайды дауыл-екпін.
Әбілқайыр жетінші ұрпағы еді
Ең алғашқы хандық құрған Жәнібектің.

Ел іші. Қазақ жаны торыққанда,
Нағыз ерлер қиындықтан қорыққан ба?
Әбілқайыр кең ойлайтын кемеңгер-ді
Батырлықпен аты шыққан жорықтарда.

1710 жыл. Бұл тарих таңбаланған,
Қызу Кеңес жүреді ордаларда.
Әбілқайырды Кіші жүз хан көтерді
«Алтынның қадірі бар» деп қолда барда.

Тақ деген елдің күші, жердің демі,
Тақ деген билік пенен сезім селі.
Тақ деген таңғажайып гауһар тастай
Жалт-жұлт етіп көрінер көзге өңі.

Хан біткеннің жыры көп, сыры көп-ті,
Тарих-көшке бірі кеп, бірі кетті.
Тайғақ кешу тар жолда адаспасаң
Тақ деген құрметті де құдіретті.

Әбілқайыр көңіліне кір жасырмай,
Ақылдасты Бопаймен сырласындай.
Хандықтың хал жайынан хабар айтып
Мәселенің түйінін түйді осылай.

«Әйелімен ақылдасқан қандай қылық?»
Деп еді кейбіреулер маңдайды ұрып.
Қызылқұм. Құрылтайға
Бопайды алып барды
Көргенді, естігенді таңғалдырып.

Бопайдың зеректігі серік жанға,
Әбілқайыр мұңға батып ойланғанда.
Жан-жағыңда жауың көп анталаған
Торына түспейтұғын айлаң бар ма?

Қалмақ, жоңғар, ордалы орыс та үстем,
Сақтау керек жеріңді айла, күшпен.
Ел тағдыры сынайды ер тағдырын
Сарыуайым кез болса сарқып іштен.

1748 жыл. Маусым айы Кеңесінде,
Кіші жүз, Орта жүз келді кеңесуге.
Ханнан соң Бопай ханым сөз алады
Айтқан сөзі хатталды, ел есінде:

«Бейбіт өмір халықтың жыры емес пе?!
Келісіммен ірге берік тұр емес пе?
Халқының қамын ойлар хан тілегі
Сіздердегі тілекпен бір емес пе?!

Суықты да, ыстықты көргеніміз,
Жетпей ме бәрімізге кең жеріміз?
Осы елдің амандығы, тірлігі үшін
Бір емес, үш ұлды да аманаттап
Кезекпенен Ресейге бергеніміз.

Уақыт қатал. Жол тайғақ. Қазақ жалғыз,
Елдің мұңын ұқсақ деп жүрген жанбыз.
Ағалар! Ардақтылар! Жиналған көп
Шашылсақ жоқпыз да,
Жиналсақ — бармыз!